

## Квazимемлекеттік сектордың сыртқы қарыздарының көлемін келісу қағидаларын бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 601 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 492 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.06.2023 № 492 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 17.04.2018 № 200 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 199-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.12.2022 № 983 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Квazимемлекеттік сектордың сыртқы қарыздарының көлемін келісу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 17.04.2018 № 200 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2017 жылғы 28 қыркүйектегі  
№ 601 қаулысымен  
бекітілген

## Квazимемлекеттік сектордың сыртқы қарыздарының көлемін келісу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 17.04.2018 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

1. Осы Квazимемлекеттік сектордың сыртқы қарыздарының көлемін келісу қағидалары Қазақстан Республикасы Бюджет кодексiнiң 199-бабына сәйкес әзiрлендi және топiшiлiк қаржыландыру жөнiндегi мәмiлелердi және мемлекеттiк кепiлдiкпен қамтамасыз етiлген мемлекеттiк емес қарыздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттiк қаржысын басқарудың 2030 жылға дейiнгi тұжырымдамасында белгiленген шектеулер шеңберiнде квazимемлекеттiк сектордың сыртқы қарыздарының көлемiн келiсу тәртiбiн айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкiметiнiң 06.12.2022 № 983 ( алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен.**

2. Квazимемлекеттiк сектордың сыртқы қарыздарының көлемiн келiсу мемлекеттiк жоспарлау жөнiндегi орталық уәкiлеттi орган құратын мемлекеттiк жоспарлау жөнiндегi уәкiлеттi орган жанындағы Квazимемлекеттiк сектордың сыртқы борышының шектi көлемiн айқындау мәселелерi жөнiндегi комиссияның (бұдан әрi – Комиссия) ұсынымдарын ескере отырып, бюджеттi атқару жөнiндегi орталық уәкiлеттi органмен келiсу бойынша мемлекеттiк жоспарлау жөнiндегi орталық уәкiлеттi орган белгiлеген тәртiппен квazимемлекеттiк сектордың сыртқы борышының шектi көлемiн айқындау арқылы жүзеге асырылады.

Квazимемлекеттiк сектордың жоспарланатын кезеңге арналған сыртқы қарыздарының көлемi туралы ұсыныстарды Комиссияның ұсынымдарын алғаннан кейiн бес жұмыс күнi iшiнде мемлекеттiк жоспарлау жөнiндегi орталық уәкiлеттi орган Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң Аппаратына жiбередi.

Квazимемлекеттiк сектордың сыртқы қарыз алу көлемi туралы ұсыныстар Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2022 жылғы 2 маусымдағы № 355 қаулысымен бекiтiлген Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң регламентiнде белгiленген тәртiппен Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң отырысына шығарылады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкiметiнiң 06.12.2022 № 983 ( алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен; өзгерiс енгiзiлдi - ҚР Үкiметiнiң 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен.**

3. Оларға қатысты сыртқы борыштың шектi көлемi айқындалатын квazимемлекеттiк сектор субъектiлерiнiң тiзбесiн мемлекеттiк жоспарлау жөнiндегi орталық уәкiлеттi орган бекiтедi.

4. Мемлекеттiк жоспарлау жөнiндегi орталық уәкiлеттi орган Қазақстан Республикасы Үкiметiмен келiсiлген квazимемлекеттiк сектордың жоспарланатын қаржы жылына арналған сыртқы борышының шектi көлемiн бекiтедi.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.12.2022 № 983 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Бюджет параметрлері өзгерген жағдайда немесе квазимемлекеттік сектордың түзетілген қарыз алу жоспарлары негізінде квазимемлекеттік сектордың сыртқы борышының бекітілген шекті көлемін түзетуге жол беріледі.

6. Квазимемлекеттік сектор субъектілері өз міндеттемелерін орындауды сыртқы қарыз алу шеңберінде дербес қамтамасыз етеді.